



РЕКОРДТАН КЕЙІНГІ ЖАҢА МЕЖЕ

ӘР ГЕКТАРДЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ МАҢЫЗДЫ

Бұл аграрлы өндірістің сапалық өзгерісін білдіретін маңызды белгі. Жер көлемі шектеулі жағдайда өнімділікті арттыру ауыл шаруашылығының тұрақты дамуында шешуші мәнге ие. Ол үшін тұқым сапасын жақсарту, тыңайтқышты тиімді пайдалану, технологиялық тәртіпті сақтау, техниканы жаңарту қажет. Басқа өзгеріс дақылдардан да қомақты өнім жиналып жатыр. Қазіргі деңгейде 513 мың тонна картоп, 1,1 млн тонна көкөніс пен 1,6 млн тонна бақша өнімі алынды.

Жалғасы 2-бетте.



**«ҚР ПАРЛАМЕНТИНЕ 30 ЖЫЛ»
МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МЕДАЛЬДАРЫ
ТАБЫСТАЛДЫ**

ном болып бастағай. 1990-1997 жылдары егін шаруашылығының бригадирі, «Молодежный» кеңшарының басқарушысы болған. 1997-2002 жылдары шаруа қожалығы басшысы. 2003 жылдан бастап 2012 жылға дейін Молодежный ауылдық округінің әкімі.

2012 жылдан бастап 2023 жылға дейін деңгей Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев

«АБАЙҒА ҚҰРМЕТ» АКЦИЯСЫ:

МАҒЖАН ЕЛІНІҢ АБАЙ ЖЕРІНЕ ТАРТУУЫ

Ис-шара барысында сөз сөйлеген Нұрлан Кеңесов өңір тұрғындарына облыс басшысы Ғауез Нұрмұхамбетовтің құттықтауын жеткізді.



Жалғасы 2-бетте.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

«АБАЙҒА ҚҰРМЕТ» АКЦИЯСЫ

МАҒЖАН ЕЛІНІҢ АБАЙ ЖЕРІНЕ ТАРТУЫ



Жалғасы, басы 1-бетте.

«Солтүстік Қазақстан облысының Абай еліне жасаған тартуы — жай ғана жаңа нысан емес. Бұл — ұлы Абайға, ұлттық құндылықтарымыз бен халқымыздың рухани мұрасына деген терең құрметті жарқын белгісі. Мемлекеттік рәміздер алаңы елдік рухты асқақтатып, өскелең ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен мемлекетке адалдық қасиеттерін қалыптастыруға қызмет етеді. Бүгінгі тарту — Ертіс пен Есілді жалғаған достықтың, Шығыс пен Солтүстікті табыстырған бауырластықтың және тұтас халқымыздың бірлігінің нышаны», — деп атап өтті Нұрлан Кеңесов.

Мемлекеттік Туды, Елтаңбаны және Гимнді біртұтас сәулеттік композицияға біріктірген алаң Семейдің жаңа қоғамдық кеңістігіне айналды. Аумағы 2 гектарды құрайтын нысанның орталық бөлігі диаметрі 28 метр болатын шеңбер түрінде салынған. Сәулеттік композицияның басты элементі — Мемлекеттік Ту орнатылған биіктігі 35 метрлік тұғыр. Мемлекеттік Елтаңба мен Мемлекеттік Гимннің мәтіні 10 метр биіктікте орналасқан.

Алаң аумағында жаяу жүргіншілер жолдары мен демалыс орындары қарастырылып, орындықтар қойылып, гулзарлар абаттандырылды. Жобаның бас мердігері — солтүстікқазақстандық «Miras Group» компаниясы.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ОРАҚ - 2026

Жалғасы, басы 1-бетте.

Ауыл шаруашылығына қаржылай қолдау көлемінің артуы да осы өзгерістермен тікелей байланысты. Үш жылда АӨК-ті қаржыландыру 2023 жылғы 140 млрд теңгеден 2025 жылы 1 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Бұл қаражаттың өндірістің бастапқы кезеңдеріне қолжетімді болуы шаруалар үшін айрықша маңызды. Өйткені егінді жинағаннан кейін қаржы беру жеткіліксіз. Шаруаның тұқымды, тыңайтқышты, өсімдіктерді қорғау құралдарын, жанар-жағармай мен техниканы егіс науқаны басталғанға дейін дайындауы қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, алдын ала қаржыландыру өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ететін құралға айналады. Шаруашылық қажетті ресурстар уақытында алса, агротехнологиялық операцияларды оңтайлы мерзімде орындауға мүмкіндік туады. Технологиялық тәртіпті сақтау өнімділікті арттырудың негізгі резервтерінің біріне айналады. Ресми сайттың хабарлауынша, кейінгі екі жылда минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемі үш есеге өсіп, 1,8 млн тоннаға жетті. Биыл оны 2,3 млн тоннаға жеткізу жоспарланған. Қазірдің өзінде 2 млн тонна тыңайтқыш жеткізуге шарт жасалып, оның 1,9 млн тоннасы, яғни жылдық жоспардың 83 пайызы шаруаларға жөнелтілді. Мұнда тағы бір маңызды мәселе бар. Тыңайтқыш көлемін арттырудың өзі жеткіліксіз, оны нақты агротехнологиялық талаптарға сай пайдалану қажет. Яғни қолдау көлемі өскен сайын оны тиімді қолдану мәдениеті де қатар қалыптасуы керек.

Сапалы тұқым пайдалану үлесінің өсуі

ЕГІН ЖИНАУ ЕКІ ЕСЕ АРТТЫ

де — осы қатардағы маңызды көрсеткіш. Элиталық тұқымдардың үлесі 2023 жылғы 7,1 пайыздан қазіргі уақытта 11,6 пайызға дейін артты. Тұқым сапасы мен тыңайтқыш қолдану, техника жаңаруы мен агротехнологияның сақталуы бір-бірінен бөлек қаралмайды. Бұлардың әрқайсысы өнімділіктің ортақ нәтижесіне әсер етеді.

ТЕХНИКА МЕН ТЕХНОЛОГИЯ

КАТАР ЖҮРЕДІ

Аграрлық сектордағы өнімділіктің тағы бір шарты — техникалық жарақтану. Уақытында себілмеген, дер кезінде жиналмаған өнімнің шығыны көп болады. Сондықтан техника паркін жаңарту — егіннің көлемінен бұрын оның сапасы мен өнімділігі құнына әсер ететін факторлардың бірі. Жеңілдікті лизинг бағдарламасының көлемі соңғы кезеңде он есеге артып, 2026 жылы 350 млрд теңгеге жетті. Жыл басынан бері 256,3 млрд теңге сомасына 6 790 өтінім қаржыландырылып, 7 718 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға қолдау көрсетілді.

Өткен жылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері шамамен 25 мың бірлік заманауи техника сатып алған. Машина-трактор паркінің жаңару деңгейі 2024 жылғы 6 пайыздан 2025 жылы 6,5 пайызға өсті. Биыл бұл көрсеткішті 8 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Бұл көрсеткіштердің артында өндірістің күнделікті тәртібі тұр. Жаңа техника егіс жұмыстарын жеделдетеді, еңбек өнімділігін арттырады, технологиялық операцияларды белгіленген мерзімде

орындауға мүмкіндік береді.

Негізгі астық егетін өңірлердегі талдау да шаруашылықтардың технологиялық қамтамасыз етілу деңгейі мен түпкілікті өнімділік арасында тұрақты байланыс барын көрсетеді. Агротехнологияларды сақтау мен қажетті ресурстармен қамтамасыз ету деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын өндіріс тиімділігі де соғұрлым артады. Сондықтан қазіргі кезеңде аграрлық саясаттың міндеті тек шаруаның техника алуына немесе тыңайтқыш сатып алуына жағдай жасаумен шектелмейді. Бұл құралдардың нақты өнімділікке айналуына мүмкіндік беретін өндірістік мәдениетті қалыптастыру да маңызды.

ӨНІМДІ ЖИНАУ —

ЖҰМЫСТЫҢ БІР БӨЛІГІ ҒАНА

Егінді өсіру мен жинаудың өзі істің бір бөлігі. Одан кейін өнімді қабылдау, сақтау, тасымалдау мен өткізу кезеңі басталады. Осы себепті биылғы науқанға астық сақтау инфрақұрылымының әзірлігі де ерекше мәнге ие. Облыс әкімдіктерінің мәліметіне сәйкес, республикадағы астық қоймаларының жалпы сыйымдылығы 30,7 млн тоннаны құрайды. Оның 13,3 млн тоннасы лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына, 17,4 млн тоннасы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің сақтау қуаттарына тиесілі.

Қазір республикада 189 жұмыс істеп тұрған астық қабылдау кәсіпорны бар. Qoldau.kz деректеріне сәйкес, лицензияланған астық қоймалары-



ның жүктемесі 2,5 млн тоннаны, яғни 18 пайызды құрайды. Бос сақтау көлемі — 10,7 млн тонна. Бұл көрсеткіш жаңа өнімді қабылдау үшін қажетті резервтің бар екенін көрсетеді. Дегенмен астық сақтау мәселесі тек қойма көлемімен шешілмейді. Өнімнің сапасын сақтайтын жағдай, оны қабылдау жылдамдығы мен кейінгі өткізу мүмкіндігі де маңызды.

Қазірдің өзінде лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына 469,5 мың тонна жаңа өнім жеткізілді. Бұл былтырғы сәйкес кезеңдегі 120,5 мың тоннадан төрт есеге жуық жоғары. Қабылданған жұмсақ бидайдың 70 пайызы 3-сыныпқа, 18 пайызы 4-сыныпқа, 12 пайызы 5-сыныпқа және сыныпқа жатпайтын бидайға тиесілі. Яғни егіннің көлемінен бірге оның сапалық көрсеткіштері де назарда тұр. Бұл ішкі нарықты қамтамасыз етуге де, сыртқы нарықтағы өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін де маңызды.

Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ.

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА 69,4 МЛРД ТЕҢГЕ БАҒЫТТАЛДЫ

Елімізде заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару жұмысы 2023 жылдан бері жүргізіліп келеді. Осы уақыт аралығында мемлекетке жалпы құны 1,154 трлн теңгеге активтері қайтарылған. Оның 1,044 трлн теңгесі — ақшалай қаражат. Бұдан бөлек, 75,7 млрд теңгенің жылжымайтын мүлкі, 12,1 млрд теңгенің компаниялардағы үлесі, 19,2 млрд теңгенің жер телімдері және 2,9 млрд теңгенің басқа да активтері мемлекет меншігіне өтті.

Қайтарылған қаражаттың қомақты бөлігі өңірлердегі әлеуметтік және инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге жұмсалып жатыр. Бүгінде республика бойынша 466 жобаны іске асыруға 617,6 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде 235 жоба сумен жабдықтау, 190 жоба денсаулық сақтау, 17 жоба білім беру саласына тиесілі.

Өңірлер арасында ең көп қаражат Шығыс Қазақстан облысына — 78,9 млрд теңге бөлінген. Екінші орында Солтүстік

Солтүстік Қазақстан облысы заңсыз иемденілген активтерді қайтарудан түскен қаражат ең көп бағытталған өңірлердің қатарына кірді. СҚО-ға Арнаулы мемлекеттік қордан 69,4 млрд теңге бөлінген. Бұл республика бойынша екінші көрсеткіш, деп хабарлайды Qazaqstan Media.

Қазақстан облысы тұр — 69,4 млрд теңге.

Астанаға 64,7 млрд теңге бағытталған.

СҚО-да ақша қайда жұмсалды?

Солтүстік Қазақстан облысында қайтарылған активтердің өдеуі бөлігі ауыз су мәселесін шешуге бағытталды. Бұған дейін Үкімет өңірдің су құбыры инфрақұрылымын дамытуға Арнаулы мемлекеттік қордан 45 млрд теңгеден астам қаражат бөлінгенін хабарлаған. Бұл қаражатқа 48 жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

Бірқатар нысан қазірдің өзінде іске қосылды. Мәселен, Булаев топтық су құбыры реконструкцияланып, Ақжар және Тайынша аудандарындағы елді мекендерге су желілері тартылды. Салынған құбырлардың жалпы ұзындығы 290 шақырымнан асады. Сонымен қатар

Көкшетау топтық су құбырына қосылатын су желісінің құрылысы жүргізілді. Бұл жоба Шал ақын және Айыртау аудандарындағы 24 ауылды ауыз сумен қамтуға мүмкіндік береді. Жалпы аталған жобалардың арқасында 22 мыңнан астам ауыл тұрғыны таза ауыз суға қол жеткізеді.

Есіл ауданындағы Бірлік ауылында да қайтарылған активтер есебінен сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы аяқталды. Қайтарылған қаражат есебінен Петропавлда да әлеуметтік нысан бой көтерді. «Жас Өркен» шағын ауданында 280 орындық жаңа балабақша салынды. Жобаның құны шамамен 2 млрд теңгені құрады.

Қаражат денсаулық сақтау саласына да бағытталып отыр. Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасын күрделі жөндеуді аяқтауға қайтарылған активтер-

ден 1,3 млрд теңге бөлінді. Жоба аясында аурухананың техникалық базасы мен инженерлік желілері жаңғыртылуда.

Қаражаттың қайда жұмсалатынын кім шешеді?

Арнаулы мемлекеттік қордағы қаражат нақты жобаларға Республикалық бюджет комиссиясының шешімімен бөлінеді. Қаржыландыру көлеміне өкімдіктер ұсынған өтінімдердің саны, дайын жобалық-сметалық құжаттамалығы болуы және өңірдегі инфрақұрылым тапшылығы әсер етеді.

Сондықтан облыстарға бөлінген қаражат көлемі бірдей емес. Бас прокуратураның түсіндіруінше, инфрақұрылым мәселесі өткір тұрған өңірлердегі жобаларға басымдық беріледі.

Қаражат бөлінгеннен кейін оның игерілуі бюджет заңнамасына сәйкес қаржылық бақылау, мемлекеттік аудит және қазынашылық сүйемелдеу арқылы қадағаланады.

САЙЛАУ УЧАСКЕСІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ КІМДЕР ДАУЫС БЕРЕ АЛАДЫ?

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға

дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетенді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетенді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

Дауыс беру күні тізімге енгізілген сайлау учаскесіне келу мүмкіндігі жоқ Қазақстан азаматтары сайлау учаскелерінен тыс жерде дауыс бере алады

Негіздері:

- Денсаулық жағдайына
- Отбасының сырқат мүшесіне күтім жасауына
- Шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты



Сайлаушы орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы учаскелік сайлау комиссиясына жазбаша өтініш бере алады



Өтініш беру мерзімі:
Сайлау күні
Жергілікті уақыт бойынша
сағат 12:00 дейін



Үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшікті сайлау комиссиясының екі мүшесі алып жүреді



Байқаушылар және сенім білдірілген адамдар комиссия мүшелеріне ілесіп жүруге құқылы



Бюллетень:

- жеке басын куәландыратын құжат
- жазбаша өтініш негізінде беріледі.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

2026 ЖЫЛҒЫ

23
ТАМЫЗДА

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаттарын
сайлау өтеді

Қазақстан Республикасының Құрылтайы – еліміздің заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді органы

Құрылтай
депутаттары

5 жыл
мерзімге сайланады

Құрылтайдың құрамына партиялық
тізім бойынша сайланатын

145 депутат кіреді

Сайлау жалпыға бірдей,
тең және төте сайлау құқығы негізінде
жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі



25 жасқа толған және елдің аумағында
соңғы 10 жыл бойы тұрақты тұрып
жатқан Қазақстан Республикасының
азаматы депутат бола алады



Партиялық тізімге енгізілген өйелдердің,
жастардың, мүгедектігі бар адамдардың
жиынтық саны оған енгізілген
адамдардың жалпы санының
кемінде 30 пайызын құрауға тиіс

Партиялық тізімдегі адамдарды
орналастыру тәртібін саяси партиялар
дербес айқындайды

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ 23 ТАМЫЗДА КІМДІ САЙЛАЙМЫЗ?

Қазақстан Республикасының Құрылтайы – заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы.

Қазақстан Республикасының Құрылтайы – еліміздің заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді органы.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Қазақстан Республикасы Құрылтайының құрамына Сайлау туралы конституциялық заңға сәйкес біртұтас жалпы ұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорциялы өкілдік жүйесі, яғни партиялық тізім бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс

беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімге енгізілген өйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың жиынтық саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімдегі адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз сайлау учаскесін алдын-ала біле алады.

GOV.KZ платформасында өз сайлау учаскесінің нөмірі мен орналасқан мекенжайын білуге мүмкіндік беретін онлайн-сервис іске қосылды.

Азаматтарға ыңғайлы болуы үшін бір мезетте үш сервис әзірленді. Көрсетілген гиперсілтемелердің кез-келгеніне өту арқылы сайлаушы өзінің өңірін таңдап, ЖСН енгізіп, сайлау учаскесінің нөмірін, сондай-ақ оның мекенжайын біле алады.

- <https://www.gov.kz/sailau?lang=kk>
- <https://sailau.gov.kz/kk>
- <https://sailau2026.gov.kz/kk>

Сонымен қатар, өзінің сайлау учаскесін іздеуге арналған онлайн-сервис eGov Mobile қосымшасының «Танымал қызметтер» бөлімінде де қолжетімді.

Аталған сервистерді QR-кодтарды сканерлеу арқылы да пайдалануға болады.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

ӨЗ САЙЛАУ УЧАСКЕНІЗДІ ҚАЛАЙ ОҢАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ? ОНЛАЙН-СЕРВИС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



gov.kz/sailau

sailau.gov.kz

sailau2026.gov.kz

ЖАҢА ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУЫ – БІЛІМ

18 тамыз күні аудандық Мәдениет үйінде ауданның білім беру қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз конференциясы ұйымдастырылып, ол «Жаңа халықтың Конституцияның нормалары мен құндылықтары: адами капиталды дамыту – білім беру жүйесінің стратегиялық негізі» тақырыбында өтті.

Алдымен жиналғандар арнайы әзірленген көрмені аралап, №2 Булаев жалпы білім беретін орта мектептің инклюзивті білім берудегі тың бастамаларды, Октябрьское орта мектебінің ТМД елдерінің білім ошақтарымен «Телекөпір» арқылы орнатқан байланыстары мен садақ ату үйірмесінің жетістіктерін, Фурманов орта мектебінің әскери-патриоттық бағыттағы жұмысын, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп әзірлеген аудан оқушыларының киелі жерлерге барған сапарының қорытындысын және Қарақоға орта мектебінің дайындаған ЖИ саласындағы тың жобасын тамашалады.

Кеңестің пленарлық отырысы Конституцияның негізгі нормалары мен құндылықтарын паш ететін бейнероликпен басталып, Мемлекеттік Әнұран орындалды.

Содан кейін ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың құттықтауы көрсетіліп, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары «Ұстазым» өнімен алқалы жиынның шымылдығын ашты.

Кеңес жұмысына қатысқан Мағжан Жұмабаев ауданы өкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары Айгүл Мұқанова жаңа оқу жылының басталуын білдіретін түймені басып, дәстүрлі тамыз кеңесі одан әрі жалғасты.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Қарабаев кеңеске Global Inclusive Education Network инклюзивті білім берудің халықаралық жаһандық желісінің Президенті Сатиш Капур мырза, (Нью-Дели, Үндістан), Тата әлеуметтік ғылымдар институты PhD докторы, мүгедектікті зерттеу және тәжірибе орталығы профессоры, әлеуметтік жұмыс мектебі өкілі Сандхя Лимае (Мумбай, Үндістан), Булаев қаласының және ауылдық округтердің өкілдері, білім беру мекемелерінің басшылары, ауданның педагогикалық қоғамының өкілдері, педагогикалық еңбек ардагерлері, жас мамандар қатысып отырғанын жеткізіп, жиынды жүргізіп отырды.

Талғат Болтаұлы әр жаңа оқу жылы - білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып, педагогикалық қоғамдастықтан заманауи талаптарға сай жаңа шешімдер қабылдауды талап ететінін тілге тиек етті.

Ағымдағы кезеңде мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы желісі 40 бірлікті құрайды. Оның ішінде 2 балабақша, 2 мектеп-бөбекжай-бақша кешені бар.

Сондай-ақ, ауданда 36 шағын орталық жұмыс істейді, оның 27-сі толық күн (80%). 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 557 тәрбиеленуші қамтылды, 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 98% құрады.

Сонымен қатар, қандай да бір себептермен мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалар бар. Барлық балалардың бастапқы мүмкіндіктері тең болуы үшін мектепке дейінгі ұйымдарда 29 консультациялық пункт ашылды.

Сондай-ақ, мектепалды даярлықпен қамтылмаған балалар үшін мектептерде жыл сайын жазғы кезеңде 244 баланы қамти отырып, «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлық ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, Булаев қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында орындарды ұлғайту қажеттілігі сақталуда. Қазіргі уақытта 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың кезегі 88 адамды құрайды.

Бүгінгі күні Булаев қаласында жаңа балабақша салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленді, бұл келешекте балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту үшін мүмкіндіктерді едәуір кеңейтуге және қала отбасылары үшін мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Орта білім беруге келетін болсақ, қазіргі уақытта ауданда 39 мектеп жұмыс істейді, оның ішінде: 7 - бастауыш, 12 - негізгі, 20 - орта, 1-11 сынып оқушыларының жалпы контингенті 3214 адамды құрайды.

Ауданның 39 мектебінің 33-і шағын жинақталған. 5 мектеп - мемлекеттік тілде, 8 мектеп - аралас тілде, 26 мектеп - орыс тілінде білім береді. 19 мектеп білім беру ұйымдары желісінің нормативіне сәйкес келмейді.

Бірнеше жыл қатарынан «Ауыл мектебі - сапа алаңы» жобасы іске асырылуда. Тірек мектеп қатарына Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы, магниттік мектептерге - Чистов ОМ, Фурманов ОМ және Совет ОМ жатады.

Осы жоба шеңберінде магниттік мектептерге білім беруді тұрақты дамыту қорының қаражаты есебінен жалпы сомасы 83,3 млн. теңгеге 2 кабинет (ғылым кабинеті және цифрлық кабинет) жеткізілді.

2025-2026 оқу жылының соңында масштабтау шеңберінде бұл жобаға 7 бастауыш мектептерден басқа ауданымыздың қалған барлық мектептері кірді.

Мемлекеттік тілді дамыту мәселесі ерекше

назар аударуды талап етеді. Өткен оқу жылында Молодежный бастауыш мектебінде мемлекеттік тілде оқытын сыныптар, сондай-ақ Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясында мектепалды сынып және №2 Булаев жалпы білім беретін мектебінің жанындағы шағын орталықта мемлекеттік тілде оқытын шағын топ ашылды.

Жаңа оқу жылында Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясында және Лебяжье негізгі мектебінде мемлекеттік тілде оқытын 1-ші сыныптар ашылады.

2026-2027 оқу жылында бірінші сынып оқушыларының саны 255 баланы құрайды, оның ішінде 47 бірінші сынып оқушысы қазақ тілінде оқитуды таңдаған, бұл 18% құрайды.

Сонымен қатар, білім беру жүйесінің алдында мемлекеттік тілде оқытуды таңдайтын оқушылардың үлесін одан әрі арттыру және бұл үшін мектептерде қажетті жағдайлар жасау міндеті сақталды.

Алдағы оқу жылының негізгі бағыттарының бірі бағалау жүйесін жетілдіру және оқушыларға артық оқу жүктемесін азайту болады.

Бастауыш сыныптарда оқу жетістіктерін бағалау тәсілдерін қайта қарау ұсынылады. Атап айтқанда, 2-4 сыныптарда тоқсан сайын БЖБ және ТЖБ жиынтық бағалаудан бас тарту қарастырылуда. 5-11 сыныптар үшін өзгерістер бағалау моделін кезең-кезеңімен жетілдіруді көздейді.

Негізгі міндет - артық оқу жүктемесін азайту, бағалауды түсінікті ету және оқушылардың білім беру нәтижелерін үздіксіз бақылауды қамтамасыз ету.

«Адал азамат», «Заң мен тәртіп» және «Таза Қазақстан» - бұл мектеп жұмысының жекелеген бағыттары емес, жеке тұлғаны қалыптастырудың бірыңғай жүйесі. Біздің міндетіміз - бұл құндылықтар тек іс-шараларда ғана емес, сонымен қатар балалардың іс-әрекеттерінде, олардың адамдарға, еңбекке, Заңға және қоршаған әлемге деген көзқарасында көріні.

Білім беру жүйесінің міндеті - оқушыларды жалпы оқыту үшін барлық қажетті жағдайларды жасау, соның ішінде толыққанды теңдестірілген тамақтану ұйымдастыру. Аудандағы 1-4 сынып оқушыларының барлығы жергілікті бюджет қаражатынан тегін тамақпен қамтамасыз етілді. 503 білім алушы жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен және 76 бала демеушілік қаражат есебінен ыстық тамақпен қамтылды.

Құн сайын 20 елді мекеннен 123 білім алушыны 12 мектепке, апта сайын - 136 білім алушыны 6 мектеп жанындағы интернатқа жеткізу жүйеге асырылады. Тасымалдауды ұйымдастыру үшін 19 бірлік автокөлік бар.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі барлық балалар үшін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін тең және қолжетімді сапалы білім беруді қамтамасыз ету болып табылады. Әрбір бала үшін оқу, даму және білім беру процесіне толыққанды қатысу үшін қажетті жағдайлар жасау маңызды.

Ауданда 0-ден 18 жасқа дейінгі 5401 бала тұрады. Оның ішінде 277 баланың (4,5%) ерекше білім беру қажеттіліктері бар. Осы санның 185-і (58%) білім беру ұйымдарында инклюзивті оқытумен қамтылған.

Сонымен қатар, 30 бала психологиялық-педагогикалық түзету кабинетіне барады, 24 бала үйде оқиды, 44 бала мамандандырылған мекемелерде оқиды.

Ауданда «№2 Булаев жалпы білім беретін мектебі» КММ базасында 1 инклюзияны қолдау кабинеті жұмыс істейді. Кабинетке 23 бала барады.

2026 жылдың жазғы кезеңінде 1-10 сыныптардың 2864 оқушысы демалу, сауықтыру және жұмыспен қамтудың әртүрлі нысандарымен қамтылды, бұл оқушылардың жалпы контингентінің 89% құрайды.

Негізгі бағыттардың бірі мектеп жанындағы алаңдар болды. 5-20 маусым аралығында олар аудан мектептерінің базасында жұмыс істеді. Тамақтандыруды ұйымдастырумен 412 білім алушы қамтылды, тамақтандыруды ұйымдастырусыз - 1257 бала.

Шатырлы лагерьлерге 126 оқушы қатысты. Жаз бойы орта мектеп оқушыларының 20 еңбек жасағы және 757 оқушыны біріктірген 28 көгалдандыру және абаттандыру бригадасы жұмыс істеді.

Жазғы демалыстың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Мектеп жанындағы алаңдар мен «Березка» балалар сауықтыру-білім беру орталығы шеңберінде жетім балаларды, аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларды жазғы демалыспен 100% қамтау қамтамасыз етілді. Ауданда барлығы осы санаттағы 946 білім алушы бар.

2026 жылдың 8 маусымы мен 5 тамызы аралығында «Березка» балалар сауықтыру-білім беру орталығында 500 бала демалды. Оның



НОРМАЛАРЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

160-ы «жалпыға бірдей оқыту» қорының қаражаты есебінен, 50-і кәсіподақ қаражаты есебінен, 226-сы демеушілік қаражат, 64-і - ата-ана қаражаты есебінен.

«Бір күн қалада» бағдарламасы аясында маусымнан тамызға дейін 512 баланы қамтитын Петропавл қаласына экскурсиялық сапарлар ұйымдастырылды. Балалар театрларға, ботаникалық баққа, кинотеатрларға, ойын-сауық орталықтарына және басқа да мәдени-демалыс нысандарына барды.

«Елді зерттеу» жобасы бойынша да жұмыстар жалғасын тапты. 6 тамызда «Булаев-Петропавл – Бұлақ ауылы» бағыты бойынша экскурсиялық-танымдық сапар ұйымдастырылды. Оқушылар Есіл ауданының тарихи-өлкетану мұражайына, Құлсары әулие мазарына және үлкен Тарангүл көліне барды. Мұндай сапарлар балаларға жаңа жерлерді көріп қана қоймай, тарих, мәдениет және табиғат арқылы туған жерімен байланысты тереңірек сезінуге мүмкіндік береді, - деді Талғат Қарабаев баяндамасын аяқтап.

Тамыз кеңесінде педагогикалық еңбек ардагері Голобородько Любовь Петровна еңбек жолын енді бастағалы жатқан жас мұғалімдерді құттықтап, ақ жол тіледі.

Писарев орта мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Сейфуллина Дарина Марғұланқызы «Халық Конституциясының нормалары мен құндылықтары - білім беру жүйесіндегі адами капиталды дамытудың стратегиялық негізі» атты тақырыпта баяндама жасады. №2 Булаев жалпы білім беретін мектебінің директоры Бейсембаева Мадина Сүйдікқызы «Мектептегі инклюзивті білім беру: тең мүмкіндіктер қағидатынан табысты әлеуметтену практикасына» атты тақырыпты өрбітті.

Бұл күнгі кездесу - халықаралық мәнге ие болды. Мәселен, кеңесте бейнебайланыс арқылы Үндістаннан қосылған инклюзия саласындағы мамандар Сатиш Капур мен Сандхья Лимайе өздерінің тәжірибелерімен бөлісті.

Конференцияны аудан әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары Айгүл Мұқанова қорытындылап, білім беру саласының қызметкерлеріне бірқатар маңызды міндеттер жүктеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «Сапалы білім мен саналы тәрбие – ел болашағының кепілі». Сондықтан біздің басты міндетіміз – өскелең ұрпаққа заман талабына сай сапалы білім мен саналы тәрбие беру.

Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді орындай отырып, ауданның 44 білім беру ұйымдарында білім беру саласын жаңғырту, цифрландыру, оқытудың заманауи технологияларын енгізу, материалдық-техникалық базаны нығайту және тұрғылықты жеріне қарамастан әрбір бала үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша шаралар дөйекті түрде іске асырылуда. Ағымдағы жылы ауданның білім беру ұйымдарында материалдық-техникалық базаны нығайту және оқу жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстар жалғасуда. Бүгінгі таңда үш мектептің – Александровка, Конохов және Ұзынкөл мектептерінің шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. «Березка» балалар сауықтыру орталығының аумағы 50 млн теңгеге абаттандырылды. 68 млн теңге сомасына «Жас техниктер үйі» күрделі жөндеуден өтті.

Гимаратта ішкі үй-жайлар, инженерлік жүйелер толығымен жаңартылды, сондай-ақ іргелес аумақ абаттандырылды. Қазіргі уақытта 48 млн теңге сомасына Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінде ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталуда.

Сонымен қатар, оқытудың заманауи жағдайларын жасаумен қатар, білім беру процесінің сапасына және біздің түлектеріміздің нәтижелеріне ерекше назар аудару керек. 2026 жылы аудан мектептерін 188 түлек бітірді. ҰБТ-ға 126 адам қатысты. Бес оқушы «Алтын белгі» белгісін растады, тағы 34 түлек Үздік аттестат алды. Аудан бойынша ең жоғары нәтиже – 117 баллға - №2 Булаев жалпы білім беретін орта мектептің түлегі Мурзина Ульяна қол жеткізді. 5 түлек 100-ден астам балл жинады, бұл тестілеуге қатысушылар санының 4% құрайды. Сонымен қатар, аудан бойынша ҰБТ орташа балы 69,02 баллды құрады, бұл 2025 жылғы көрсеткіштен 3,18 балға төмен – 72,2 балл. 14 түлек немесе қатысушылардың 11,1%-ы шекті балдан өте алмады.

188 түлектің 131-і жоғары оқу орындарына оқуға түсті. Оның ішінде 93 адам немесе ЖОО-ға түскендердің 71%-ы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында гранттар алды. Тағы 39 түлек Ресей Федерациясының оқу орындарына бюджеттік негізде оқуға түсті.

Сондықтан ауданның білім бөліміне әрбір білім беру ұйымы мен әр түлек бөлінісінде ҰБТ нәтижелеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізуді тапсырамын.

Мектеп директорлары осы мәселеге формальды көзқарасқа жол бермей, түлектерді даярлау сапасы үшін дербес жауапкершілікті қамтамасыз етуі қажет.

Оқушылардың облыстық және республикалық олимпиадалардағы, ғылыми жобалардағы, зияткерлік конкурстардағы, шығармашылық

фестивальдар мен спорттық жарыстардағы нәтижелеріне жеке назар аудару қажет.

Ауданның білім бөліміне жауапты тұлғаларды, орындау мерзімдерін және әрбір білім беру ұйымы бойынша нысаналы көрсеткіштерді бекіте отырып, олимпиадалық қозғалыстың нәтижелілігін арттыру жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын ұсынуды тапсырамын.

Біздің ортақ міндетіміз - мектептерде әр бала өз қабілеттерін аша алатын, қажетті білім мен өмірлік дағдыларды ала алатын, өз бетінше шешім қабылдауға үйренетін және өз елінің жауапты және лайықты азаматы болып өсетін білім беру ортасын құру.

Құқық бұзушылықтардың, буллинг пен кибербуллингтің, есірткі құралдарын қолданудың, деструктивті ағымдарға тартудың, діни экстремизмнің және басқа да жағымсыз құбылыстардың алдын алуға ерекше назар аудару қажет.

Жаңа оқу жылында білім беру процесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу ерекше орын алады.

Бұл жерде ауданда тиісті инфрақұрылым құрылып жатқанын атап өткім келеді. Булаев қаласында заманауи «Мағжан» IT-орталығы жұмыс істейді, онда әртүрлі жастағы тұрғындар цифрлық дағдыларды тегін меңгереді. Жастар дрондарды басқаруды, цифрлық мазмұнды құруды, заманауи бағдарламалық жасақтамамен жұмыс істеуді және музыкалық шығармашылықпен айналысуды үйренеді.

Жаңартылған Жас техниктер үйінде робототехника, картинг, авиамоделдеу және қолданбалы өнер бойынша тегін үйірмелер ұйымдастырылады. Бұл мүмкіндіктердің барлығы мектепке барында байланысты болуы керек. Біздің міндетіміз – бала сабақта негізгі білім алып қана қоймай, оны іс жүзінде қолдана алуы, өзін техникалық шығармашылыққа, цифрлық жобалауда, зерттеу және жобалау қызметінде сынап көруі.

Құрметті ұстаздар!

Ауданымыздың әрбір мектебі – тәрбие мен білімнің алтын ордасы. Сіздерге шығармашылық табыс, кәсіби биіктер, денсаулық пен отбасылық амандық тілеймін. Еңбектеріңіз жана берсін! Ұрпақ тәрбиелеу жолындағы адал қызметтеріңізге табыс тілеймін, - деді Айгүл Еркінқызы.

Тамыз кеңесінің соңында ондаған ұстаз Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ бұл күні бірқатар мұғалімдер қауымына білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін ҚР Білім Министрлігінің Құрмет грамотасы және Солтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табыс етілді.

«Рейтингтегі біріншілік» номинациясында Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы мен Успенка негізгі мектебі марапатталды. Ал «ҰБТ үздік көрсеткіші» номинациясында Надежда орта мектебі жеңіске жетті.

«Үлгілі тәртіп аумағы» номинациясының жеңімпазы болып Возвышенка орта мектебі танылды. «Шекарысыз мектеп» номинациясында №2 Булаев жалпы білім беретін мектебі жеңімпаз атанды.

Совет орта мектебі «Сенімді серіктес» номинациясын жеңіп алса, «Спорттық жетістіктер көшбасшысы» номинациясында Қарақоға орта мектебі үздік атанды.

Тамыз конференциясы – ұстаздар қауымы бас қосатын ауқымды әрі маңызды жиын.

Халық «Келісіп пішкен тон, келте болмас», - дейді. Тамыз кеңесі мағжандық ұстаздар қауымына алдағы жоспарларды, атқаратын міндеттерді келісіп алуға мүмкіндік берді. Ендеше, жаңа оқу жылы сәтті болсын дейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА - 30 ЖЫЛ

ӘДІЛДІККЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ — ӨМІРЛІК МҰРАТ ПЕН ЖОЛ



Қазиза Темірболатқызы кәсіби жолын Петропавл қаласы Киров аудандық халық сотының іс жүргізушісі болып бастады. Содан бері оның кейінгі бүкіл кәсіби қызметі сот жүйесімен тығыз байланысты болды. 1983 жылдан 1996 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысының Бескөл және Булаев аудандарының халық соттарының судьясы болып жұмыс істеді және

Солтүстік Қазақстан облысының сот жүйесі тарихында көпжылдық кәсіби қызметі сот билігінің қалыптасуы мен даму тарихының бір бөлігіне айналған сот корпусының лайықты өкілдері аз емес. Осындай тұлғалардың бірі — Солтүстік Қазақстан облыстық сотының отставкадағы судьясы Қазиза Темірболатқызы Жүнісова.

оларды басқарды.

1996 жылғы 28 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазиза Темірболатқызы Солтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы лауазымына тағайындалды. Кәсіби жолы тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуының маңызды кезеңіне түспа-түс келді. Ол ондаған жылдар бойы сот тәжірибесін қалыптастыруға, сот корпусын дамытуға және кәсіби дәстүрлерді нығайтуға тікелей қатысты.

Қазиза Темірболатқызы жас судьяларды даярлауда елеулі үлес қосты. Үлкен практикалық тәжірибесі бар ол аудандық соттардың судьяларына көмек көрсетті, семинарлар өткізуге қатысты, практикалық білімімен және кәсіби жетістіктерімен бөлісті. Сот жүйесі үшін дәл осындай тәжірибе — білім мен кәсіби дәстүрлер судьялардың

бір буынынан екінші буынына берілетін кез ерекше құнды.

Қазиза Жүнісованың тәлімгерлігі жас судьяларда соттың рөлін, кәсіби әдеп талаптарын, төрелік ету саласы мен жауапкершілігін дұрыс түсінуді қалыптастыруға ықпал етті. Алайда, 2014 жылы отставкаға кетуі оның сот жүйесіне қызмет етуінің аяқталуы болған жоқ. Ол сот қоғамдастығының қоғамдық өміріне белсенді қатысуын жалғастыруда, соттардың қоғаммен өзара іс-қимылын нығайтуға, сот билігінің беделін арттыруға және азаматтардың сотқа деген сенімін қалыптастыруға бағытталған іс-шараларға қатысады.

Қазиза Темірболатқызының көпжылдық адал еңбегі, кәсібилігі мен сот жүйесіне адалдығы облыстық сот басшылығы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және Қазақстан Респуб-

ликасы Судьялар одағы тарапынан бірнеше рет атап өтілді. Адал еңбегі үшін Судьялар одағының «Үш би» құрмет белгісімен, «Сот жүйесінің үздік қызметкері» төсбелгісімен, ведомстволық III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің құрмет грамотасымен. Қазиза Жүнісованың 30 жылдан астам судьялық еңбек етілі — бұл Солтүстік Қазақстан облысының сот жүйесі тарихындағы елеулі кезең.

Осы уақыт ішінде заңнама өзгерді, соттар жұмысын ұйымдастыру жетілдірілді, жаңа нысандар мен технологиялар енгізілді, тәуелсіз Қазақстанның заманауи сот жүйесі қалыптасты. Осы өзгерістердің әрбір кезеңінде ол өз кәсіби ісіне адал болып қалды.

Бұл ерекше маңыздылыққа ие болып отыр, өйткені бүгінде

Қазақстан Республикасы Судьялар одағы өзінің 30 жылдығын атап өтуде. Одақ тарихының артында өз еңбегімен оның беделін нығайтқан, сот қоғамдастығын дамытқан және әділ сотқа кәсіби қызмет ету дәстүрлерін қалыптастырған нақты адамдар тұр.

Қазиза Темірболатқызы — кәсіби өмірбаяны осы тарихтың бір бөлшегіне айналған жандардың бірі. Оның көпжылдық еңбегі, қағидатшылдығы, кәсібилігі, тәлімгерлігі мен белсенді қызметі судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің қазіргі буыны үшін лайықты үлгі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының 30 жылдығы — бұл тек ұйымның мерейтойы ғана емес, сонымен бірге өз өмірін Заң мен Әділдікке қызмет етуге арнаған адамдарға алғыс білдіру мүмкіндігі.

Петропавл қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ БӨЛІМІНІҢ ЕСЕБІНДЕ ТҰРҒАН АЗАМАТТАР ҮШІН СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



18 тамыз күні Мағжан Жұмабаев ауданында Спорт күнін мерекелеу аясында СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев ауданының пробация қызметі бөлімі дене шынықтыру және спорт бөлімімен, аудан прокуратурамен бірлесіп пробация қызметі бөлімінің есебінде тұрған азаматтар үшін спорттық-бұқаралық іс-шара өткізді.



Іс-шараның мақсаты - салауатты өмір салтын, дене шынықтыру мен спорттың насихаттау, сотталғандардың дене белсенділігінің деңгейін арттыру, сондай-ақ олардың пайдалы жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру болды.

Жарысқа Мағжан Жұмабаев ауданының пробация қызметі бөлімінің есебінде тұрған 16 сотталушы, спорт бөлімінің



2 маманы және пробация қызметінің 4 қызметкері қатысты.

Қатысушылар үшін шағын футбол, арқан тарту, дартс, баскетбол бойынша жарыстар ұйымдастырылды.

Түрнір қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен ең белсенді қатысушылар грамоталармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.



Ұйымдастырушылар атап өткендей, мұндай іс-шаралар азаматтардың әлеуметтік бейімделуіне, құқық бұзушылықтар мен қайталама қылмыстардың алдын алуға ықпал етеді.

СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев ауданының пробация қызметі бөлімі.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АЙЛЫҚ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ АЛДЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫН САҚТАҢЫЗ



15 тамыздан 15 қазанға дейін Солтүстік Қазақстан облысында жылыту маусымын қауіпсіз өткізу бойынша республикалық айлық өтуде.

Мағжан Жұмабаев ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, тұрғын үй секторында рейдтік іс-шаралар жүргізуде. Негізгі мақсат — өрттердің алдын алу және жылыту жүйелерін қауіпсіз пайдалану ережелерін түсіндіру.

Аралату барысында пешпен жылыту жүйелерінің, мұржалардың және электр сымдарының жағдайы тексеріліп, тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндіріледі. Жылыту құрылғыларының жарамдылығына және оларды пайдалану ережелерінің сақталуына ерекше назар аударылады.

Азаматтарға ақаулы пештер мен электр құрылғыларын пайдалануға, оларды қараусыз қалдыруға, сондай-ақ жанғыш материалдарды жылу көздерінің маңында сақтауға болмайтыны ескертіледі.

Жылыту маусымы басталар алдында тұрғындарға пештер мен мұржалардың жарамдылығын тексеріп, оларды күйеден тазарту, ақауларды жою және жабдықтарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету ұсынылады.

Мамандар тұрғындарға алдын ала келесі практикалық шараларды орындауды қатаң ұсынады:

- пешпен жылыту жүйесін толық тексеріп, қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін маман шақыру;

- мұржаларды күйеден тазалап, тарту күшінің қалыпты болуына көз жеткізу;

- пештегі жарықтарды бітеу және қызып кетуді дер кезінде анықтау үшін оны өктеу;

- еденді ұшқыннан қорғау үшін от жағатын есіктің алдына темір қаңылтыр орнату;

- от жағу үшін тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдаланбау;

- ескі немесе зақымдалған электр сымдарын ауыстыру, электр желілеріне шамадан тыс жүктеме түсірмеу;

- тек зауытта шығарылған, жарамды жылытқыштарды пайдалану;

- үйге автономды өрт хабарлағыштарын орнату;


- өрт сөндіргішті және су немесе құм салынған шелекті алдын ала дайындап, қолжетімді жерде сақтау;

- отбасының барлық мүшелерін, әсіресе балаларды өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелеріне және түтін басқан кездегі әрекеттерге үйрету.

Жергілікті атқарушы органдар мен Төтенше жағдайлар қызметтері тұрғын үй секторындағы өрт қаупін төмендету бойынша бірлескен жұмыстарын жалғастыруда. Бұл ретте профилактикаға және халықты ақпараттандыруға ерекше көңіл бөлінді.

Мамандар тұрғындарды жылыту маусымына жауапкершілікпен дайындалып, қауіпсіздік шараларын соңғы сәтке қалдырмауға шақырады. Қарапайым ережелерді сақтау адам өмірін, денсаулығын және мүлкін сақтауға көмектеседі.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.




Дүйсенбі, 24 тамыз	Сейсенбі, 25 тамыз	Сәрсенбі, 26 тамыз	Бейсенбі, 27 тамыз	Жұма, 28 тамыз	Сенбі, 29 тамыз	Жексенбі, 30 тамыз
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 14.55, 04.40 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.05 Т/Х «ФЕРИХА». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.50 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15, 03.40 Д/Ф. 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН КАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.50 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 22.25, 01.45 АШЫҚ АЛАҢ. 23.20 «1001 ТҮН». 04.20 «ЖЕЛДЕГІ ТҮЗАҚ».	05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.05 Т/Х «ФЕРИХА». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 04.50 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15, 05.10 ЗАН АЛДЫНДА. 14.35 «ШЕТЕЛДІК КҮТУШІ: ҮМІТ ПЕН КҮДІК». 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН КАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 03.10 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 22.20, 03.55 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 23.50 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.05 Т/Х «ФЕРИХА». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 04.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15, 05.10 ЗАН АЛДЫНДА. 14.30 «ШЕТЕЛДІК КҮТУШІ: ҮМІТ ПЕН КҮДІК». 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН КАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 02.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 22.20, 03.55 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 23.50 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 06.05 Т/Х «ФЕРИХА». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ОФИЦЕР ҚЫЗ». 14.15, 03.40 ТАЗА САНА. 14.50, 01.35 ІЗГІЛІК ФОР- МУЛАСЫ. 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН КАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.45 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 00.40 АҚША ӘЛПІШЕСІ. 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 22.25, 01.55 АШЫҚ АЛАҢ. 23.15 1001 ТҮН. 23.50 ФУТБОЛ. 04.15 «ІТ ЖЕТІСТІКТЕР: ЖАҢА БҰЫН».	05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 06.00 АҚША ӘЛПІШЕСІ. 06.05 Т/Х «ФЕРИХА». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.30 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ОФИЦЕР ҚЫЗ». 14.15, 03.55 Д/Ф. 14.55, 04.40 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН КАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.45 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 22.25, 01.35 АШЫҚ АЛАҢ. 23.15 1001 ТҮН. 03.20 ІЗГІЛІК ФОРМУЛА- СЫ. 03.35 АҚСАУЫТ.	05.30 ӘНҰРАН. 05.35, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 06.05 Т/Х «ФЕРИХА». 07.45, 03.15 «ІТ ЖЕТІСТІКТЕР: ЖАҢА БҰЫН». 08.05, 04.15 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00, 01.45 «PRIME ERA». 12.25 К. РАҚЫМНЫҢ КОНЦЕРТІ. 14.45 М/Ф «СУ ПЕРІСТІ 2: ТЕНІЗГЕ ОРАЛУ». 15.50 М/Ф «АЛДАР КОСЕННІ КӨНІЛДІ ОҚИЛАРЫ». 16.05 «МЕНІҢ АТЫМ КОЖА», Х/Ф. 20.15, 01.30 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 21.25 «ТАНИК», Х/Ф. 02.05 «БРЕЙТЕЙ», Д/Ф. 02.50 «ТАЗА САНА». 03.30 «ПИРАМИДАЛАР КҮНІЯСЫ», Д/Ф. 05.00 «АУЫЛДАСТАР».	05.30 ӘНҰРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.50 «АҚСАУЫТ». 06.05 Т/Х «ФЕРИХА». 07.45 «ШЕТЕЛДІК КҮТУШІ: ҮМІТ ПЕН КҮДІК». 08.00, 12.00, 02.30 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.35 М/Ф «СУ ПЕРІСТІ 2: ТЕНІЗГЕ ОРАЛУ». 13.40 «ТАНИК», Х/Ф. 14.00, 02.05 АҚОРЛА. 19.00 Т/Х «МЕЛЕК». 20.00, 01.25 АПТА 20.40 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 23.35 «МЕНІҢ АТЫМ КОЖА», Х/Ф. 03.20 «ПИРАМИДАЛАР КҮНІЯСЫ», Д/Ф. 04.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 04.55 «АУЫЛДАСТАР».

Дүйсенбі, 24 тамыз	Сейсенбі, 25 тамыз	Сәрсенбі, 26 тамыз	Бейсенбі, 27 тамыз	Жұма, 28 тамыз	Сенбі, 29 тамыз	Жексенбі, 30 тамыз
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 Қ. НҰРТАСТЫҢ ЖЕКЕ КОНЦЕРТІ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «ҮЛКЕН ҰЙ». 13.00 ОЙНАІҚ. 14.00 М/Ф. 15.30, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 21.00 «БРАТ ИЛИ БРАК», Х/Ф. 23.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.50 Т/Х «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙЯС К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «ҮЛКЕН ҰЙ». 13.00 ОЙНАІҚ. 14.00 М/Ф. 15.30, 20.00 Т/С «КЕЛІНЖАН». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 21.00 «БРАТ ИЛИ БРАК-2», Х/Ф. 23.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.50 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙЯС К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «ҮЛКЕН ҰЙ». 13.00 ОЙНАІҚ. 14.00 М/Ф. 15.30, 20.00 Т/С «КЕЛІНЖАН». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 21.00 «БРАТ ИЛИ БРАК-3», Х/Ф. 23.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.50 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙЯС К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «СЫРЛАСТАР». 13.00 ОЙНАІҚ. 14.00 М/Ф. 15.30, 20.00 Т/С «КЕЛІНЖАН». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 21.20 «ТОЙХАНА», Х/Ф. 23.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.50 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙЯС К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «СЫРЛАСТАР». 13.00 ОЙНАІҚ. 14.00 М/Ф. 15.30, 20.00 Т/С «КЕЛІНЖАН». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.30 «КАШАН ҮЙЛЕНЕСІН?», Х/Ф. 22.00 ҚОҒАМ ШІКІРІ. 23.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.50 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 «ӨЗГЕР». МЕНАЙЯС К ЛУЧШЕМУ! 01.20 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 06.00 КОНЦЕРТ. 08.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 11.00 М/Ф. 12.15 «АНГЕЛЫ ЧАРЛИ», Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 21.00 7 КҮН. 21.30 ЖҰМЫР ЖЕР. 21.50 «ЛАРА КРОФТ», Х/Ф. 00.00 CREATIVE QAZAQSTAN. 00.30 ПОДКАСТ. AZAMAT LIVE. 01.45 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 06.00 КОНЦЕРТ. 08.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 11.00 М/Ф. 12.25 «ЛАРА КРОФТ», Х/Ф. 14.25 COVER SHOW. 15.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 21.00 7 КҮН. 21.30 ГЛОБАЛЬНЫЕ НОВОСТИ. 21.50 «АНГЕЛЫ ЧАРЛИ», Х/Ф. 23.50 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 00.45 ПОДКАСТ. «КОНТЕКСТ». 01.45 100 САРБАЗ. 02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Дүйсенбі, 24 тамыз	Сейсенбі, 25 тамыз	Сәрсенбі, 26 тамыз	Бейсенбі, 27 тамыз	Жұма, 28 тамыз	Сенбі, 29 тамыз	Жексенбі, 30 тамыз
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ХИРОМАНТ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 11.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.05, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 02.40 Т/С «РАБОТА НАД ОШИБКАМИ».	06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ХИРОМАНТ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 11.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.05, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 02.40 Т/С «РАБОТА НАД ОШИБКАМИ».	06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ХИРОМАНТ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 11.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.05, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ». 02.40 Т/С «РАБОТА НАД ОШИБКАМИ».	06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ХИРОМАНТ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 11.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.05, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00, 01.50 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. РАСПЛАТА ЗА СПРАВЕДЛИВОСТЬ».	06.00 Т/С «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО». 07.00 Т/С «ХИРОМАНТ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 11.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.05, 03.45 KÖREMİZ- ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.05 Т/С «ЖИЗНЬ ПОСЛЕ ЖИЗНИ».	06.00 ҚАЙМАҚ. 08.05 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 08.45 «ҚЫЗЫМ», Х/Ф. 11.00 ПОЛЕ ЧУДЕС. 12.40 «ОДИН ШАНС НА ТРОИХ», Х/Ф. 17.00 ТОЧЬ-В-ТОЧЬ. 20.00 АСАУ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.50 «АДВОКАТ ДЛІЯ СБЕЖАВШЕГО ЖЕНИХА», Х/Ф. 01.35 «БАСТА. БОЛЬШОЙ КОНЦЕРТ В ЛУЖНИКАХ». 03.45 «П@УТИНА».	06.00 ҚАЙМАҚ. 06.45 ТОЙ БАЗАР. 07.45 АСАУ ЖАНАЛЫҚТАР. 08.50 DASTARXAN. 10.00 «КІМГЕ КЕРЕКСІН?», Х/Ф. 12.15 Т/С «ОДИН ШАНС НА ТРОИХ». 17.25 «ОЛЕНЬ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «ДЕНЬ СВЯТОГО ВАЛЕНТИНА», Х/Ф. 01.05 Т/С «СКРЫТЫЕ МОТИВЫ». 03.45 П@УТИНА.

«Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты – балаға сөзді бұзып сөйлемге керек.»
«Ұлт үшін тілінен қымбат еш нәрсе жоқ.»
«Білімдінің сөзі – ем, мейірімі көп, өзі кең!»
«Тіл – адам жанының тілмашы».
Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



«САУАТТЫ КӨРНЕКІ АҚПАРАТ - БІЗДІҢ ОРТАҚ ІСІМІЗ»



Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы Жалықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалымен бірлесіп отырып, «Сауатты көрнекі ақпарат - біздің ортақ ісіміз» акциясы аясында «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21 бабында белгіленген талаптардың толық сақталуын қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізуде.

Бүгінде Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша халыққа қызмет көрсету орындарында, сервистік орталықтарда және кәсіпкерлік нысандарында орналастырылған ішкі және сыртқы көрнекі ақпараттар мен деректемелердің тіл заңнамасы талаптарына сәйкестігі бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Шара барысында Мағжан Жұмабаев ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мамандары, аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы және аудандық «Мағжан Жұлдызы» газетінің бас редакторы кәсіпкерлерге «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 21-бабы, «Жарнама туралы» Заңының 6-бабы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 75 және 455 баптары талаптарын түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Аталған акция аясында облыстың 4 аудандағы 200 кәсіпкерлік нысанына көрнекі ақпаратты «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкестендіру бойынша әдістемелік көмек көрсетілді.

Аталған бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ботагөз ЗАЙНУЛЛИНА,
аудандық мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімінің бас маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - МЕНІҢ ТІЛІМ



ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен қатар қолданылады. Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады.

Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

Қазақстан халқының тілдерін оқып үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау - мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі. Мемлекеттік тілді

дамыту, сындарлы мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру - елдің ұлылық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және оның мемлекеттілігін нығайтудың маңызды шарттарының бірі.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі құқықтық мәртебесі айқындалған. Қазақ тілі -

Қазақстанда тұратын барлық этностарды топтастырудың маңызды тетігі, елдің рухани қазынасының қайнар көзі. Мемлекеттік тілді меңгеру, оның ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі ролін нығайту және оны қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолдану патриоттық сезімді қалыптастыруға, мемлекеттің тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауға алғышарттар жасайды.

Фархат ЕРФАЛІЕВ,
сот әкімшісі басшысының орынбасары.

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДА ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІ ЖӨНДЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАБЫЛАДЫ

Петропавл қашықтық жолының әкімшілігі аудан тұрғындарына 31 тамыз сағат 07-ден бастап Булаев қаласындағы Сәбит Мұқанов көшесінде орналасқан «Элеватор» теміржол өткелінде рельс-шпал торын ауыстырумен және осы өткелдің төсемін ауыстырумен жолды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетінін хабарлайды.

Жөндеу жұмыстары 2026 жылдың 9 қыркүйегі сағат 23.00-ге дейін (жергілікті уақыт) жүргізіледі, осыған орай, өткелдегі автомобильдер мен мотоциклдерге арналған қозғалыстар кезең-кезеңмен жабылатын болады.

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

Асыл жарым, аяулы анамыз, сүйікті әжеміз Қарлығаш Кәмілқызы Жүсіпованы соңғы сапарға шығарып салуға қолдау білдіргені үшін «Обухов» ШҚ басшысы С.В. Обуховқа, «Козел» ЖК басшысы В.И. Козельге, аудандық аурухананың директоры Г.Т. Сағындықоваға, ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қ.М. Мұсатаевқа, барлық ағайын-туыс пен жақындарға, көршілер мен жерлестерге шынайы алғыс айтып, ризашылығымызды білдіреміз.

Жүсіповтер әулеті.

5 АЛАЯҚ СІЗГЕ ҚОҢЫРАУ ШАЛЫП ТҰРҒАНЫН БІЛДІРЕТІН БЕЛГІ

1 АТЫҢЫЗҒА
НЕСИЕ ТУРАЛЫ
АЙТСА

2 ***
SMS-КОДТЫ
АЙТУДЫ
СҰРАСА

3 ТІНТУ НЕМЕСЕ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС
ҚОЗҒАУМЕН
ҚОРҚЫТСА

4 ҚОСЫМША
ОРНАТУДЫ
ТАЛАП ЕТСЕ

5 ТУЫСТАРЫҢЫЗҒА
НЕМЕСЕ БАСҚАЛАРҒА
АЙТПАУҒА ТЫЙЫМ
САЛСА

ТҰТҚАНЫ ҚОЙЫҢЫЗ!

НАҚЫЗ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
ЕШҚАШАН:



SMS-КОД
СҰРАМАЙДЫ



НЕСИЕ АЛУҒА
МӘЖБҮРЛЕМЕЙДІ



ҚОСЫМША
ОРНАТУДЫ
СҰРАМАЙДЫ



АҚША АУДАРУДЫ
ТАЛАП
ЕТПЕЙДІ

Директор - бас редактор
Неяа ГОРЧАК

Газеттің меншік иесі:
«Азатта» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Булаев қаласы, Батыр Баши көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Баспадан индекс 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет айтасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жатылу индексі - 65360

«Magzhan zhuldizi» газеті
редакцияда теріліп беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Коммуналь к-сі, 5 үй).
Таралымы - 440

Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі ресми баспамен болып
табылады.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г құрамына алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғалжбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мөнігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.